

ОӘК 347.78.034

**«KAZINFORM.KZ» ВЕБ-ПОРТАЛЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫН АҒЫЛШЫН
ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Нажмадинова Аяжан Тұрланқызы

a.nazhmadinova@bk.ru

М056 Аударма ісі, ілеспе аударма
Гумилёв атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., проф. Муратова Г.А.

Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары әлемде болып жатқан оқиғалар туралы қоғамды хабардар етудің маңызды бөлігі болып табылады. БАҚ халықты тек ақпараттандырып қана қоймай, қоғамдық пікірді қалыптастырады деуге болады. Ол қоғам өміріне, адамдардың

санасына, ұлттық тілдер мен мәдениеттерге осындай әсер еткендіктен, сондай-ақ ақпарат берудің тиімділігі мен жеткіліктілігімен тікелей байланысты болғандықтан, бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі мәтіндерді аудару мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түседі. Көп жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратқа қатысты бағалаудың тікелей көрінісі, түрлі тілдік құралдар, эмоционалды бояулар қолданылады. Сонымен қатар, ақпарат жеткізу кезінде эмоционалды-экспрессивті әсер туғызу мақсатында мәтінде өзіндік қолданылатын стилистикалық құралдар жиынтығын байқауға болады. Соны ескере отырып, нағыз кәсіби аудармашы өзі аударып отырған мәтіндегі ерекшеліктерді біліп қана қоймай, оның мәнін оқырманға дұрыс жеткізе білуі керек. Kazinform.kz” веб-порталында саяси сілкіністер, елдегі ғана емес, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, қоғамдық резонанстық оқиғалар, табиғи апаттар және т.б. туралы көптеген жаңалықтарды оқуға болады. Осыны ескере отырып, жаңалық порталы аудармашыларының басты мақсаты аударма тіліндегі мағынасы жағынан тең, сапалы мәтінге қол жеткізу болып табылады. Мақаланың мақсаты - жаңалықтар мәтіндерін жазу процесінде экспрессивтілік пен стилистикалық ерекшеліктердің лексикалық құралдарын қолдана отырып, оқырманға әсер ету тәсілдері мен әдістерін зерттеу. Және қазақтілді және басқа ұлттар қоғамының жаңалықтарын қабылдаудың айырмашылығын анықтау.

Осы мақсатқа сәйкес аударма кезінде мақаланың мәні мен стилі өзгеру мәселесіне қатысты келесі міндеттер қойылды:

- веб-порталдағы материалдарды оқып, мәтіндердегі экспрессивті құралдарды қарастыру;
- жаңалықтардағы реалияларды аудару мәселесіне қатысты анализ жасау;
- аудармадағы стильдік ерекшеліктер мен мәтіндегі өзгерістердің әсері туралы қорытынды жасау.

XXI ғасырда қоғам әлемде болып жатқан барлық жаһандық және маңызды жаңалықтардан хабардар болғысы келеді. Көп жағдайда, осы функцияны атқаратын журналистер өз мақалаларында объективті болу керектігіне қарамастан, оқырмандарды тарту мақсатында түрлі стилистикалық ерекшеліктердің қаншалықты жиі қолданылуын анықтау және олардың қоғам санасына қандай әсерін тигізетіні бүгінгі таңда маңызды.

Бұқаралық ақпарат құралдары адам өмірінің әртүрлі салаларына қатты әсер ететіні әйгілі. Жеке адамға оның әлеуметтік рөлдерінің жиынтығында – азамат ретінде де, отбасы адамы, жалпы қоғамның өкілі және белгілі бір аймақтың тұрғыны ретінде жүгінеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұны адамның қоғаммен және оның ішкі жүйелерімен байланысының барлық аспектілерін, жеке тұлға кіретін қоғамдық қатынастардың барлық салаларын қамтиды. Қазіргі уақытта БАҚ-тың ақпараттық өрісін зерттеудегі өзекті мәселе оның қоғамдағы рөлі, атап айтқанда, таратылатын ақпараттың әлеуметтік бояуы болып табылады. БАҚ ақпаратты таратуда қоғамға оң да, теріс те әсер етуі мүмкін. Негізгі ақпарат құралдарының ішінде теледидар, радио, баспасөз және интернет желісін бөліп көрсетуге болады. Интернетте жүздеген түрлі газеттер, радио және теледидар арналары орналастырылғандықтан жаһандық аудиторияға қол жеткізу оңайырақ. Бұрын ақпаратты тұтынудың басты проблемаларының бірі ақпаратқа қолжетімділіктің қиындығы болатын. [1,2 б] Әр түрлі оқиғалардың егжей-тегжейлеріне қызығушылық танытқан адамдар, алынған ақпараттың сенімділігіне қатысты проблемаларына тап болды. Сол себепті қабылданған ақпаратты сүзу туралы мәселесі туындайды. Яғни, интернет желісінде тұтынылатын ақпараттың қайсысы назарға тұрарлық екенін түсіну маңызды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ең танымал дерек көздерінің бірі “Kazinform” агенттігі саналады. Күн сайын агенттіктің сайтына 12 000-нан 40 000-ға дейін тұрғындар кіреді. Қазақстан және басқа мемлекеттердің жаңалықтары “Kazinform.kz” веб-сайты арқылы қазақ, орыс, өзбек, ағылшын, қытай тілдерінде таратылады. Қазақ тіліндегі жаңалықтар латын графикасы мен араб тіліне аударылады. Шетелде тұратын және кириллицаны меңгермеген

қазақстандықтар тарихи отанында болып жатқан оқиғалар жайында хабардар болуға мүмкіндігі бар. "Kazinform" күн сайын on-line режимінде қазақ, орыс, ағылшын, қытай және т.б. тілдерде жедел, объективті және эксклюзивті ақпарат шығарады. Бұл аудармашы үшін негізгі міндеттердің бірі. Мақаланың толық аудармасын мазмұнды, нақты жеткізіп қана қоймай, түпнұсқадағы барлық эмоционалды элементтерді, стилистикалық бояуларды оқырманға лайықты деңгейде, қатесіз жеткізуі керек. Бұл тұрғыдан алғанда веб-порталдағы жаңалықтардың өзге тілге аударылғандағы тетіктерін қарастыру маңызды мәселе болып табылады.

Соңғы зерттеулер бойынша БАҚ тілінде кітап стилі мен сөйлеу мәнерінің бірігуін, ақпараттық мәтіндеріндегі ресми және бейресми, қоғамдық және тұрмыстық қарым-қатынас шекараларының бұлыңғырлығын байқауға болады. Ақпараттық мәтінді аударудағы негізгі міндет-оқырманға оның мазмұнын ең айқын, нақты түрде жеткізу. Ақпараттық және публицистикалық стильдегі мәтіндер баспа және электронды БАҚ-та прагматикалық мәтіндердің ең көп таралған түрлері болып табылады. БАҚ мәтіндерінің ерекшеліктеріне қатысты А. В. Федоров ақпараттық мәтіндерді аударуға өте қолайлы кеңес ретінде келесі түсініктерді жалпылады:

Мазмұндаманың лаконизмі, артық сөздерді тым көп қолданбауға ұмтылыс.

Аудармада бұрыннан қолданыстағы терминологияны пайдалану, яғни түпнұсқада көрсетілмеген артық терминдерді қолданбау.

Синтаксистің нақтылығы, әсіресе ұзақ күрделі сөйлемдерді кездестіргенде, олардың аудармасы түсініксіз, көмескі болып шатасуға алып келеді, сондықтан сөйлемдерді бөлу әдісін арқылы аударма жасау [2]. Медиа мәтіндердің критерийлерінің бірі – ақпарат беру және хабарлама мен ұсыну әдістерінің үйлесуі болып табылады. Бірақ көбінесе бұл әрекеттерді бейтарап немесе объективті деп айту қиынға соғады. Себебі ақпаратты беру бағалау көрінісімен, әртүрлі тілдік құралдармен, сөйлеу бұрылыстарымен немесе мәтін авторының экспрессивтілігімен бірге жүруі мүмкін. Шын мәнінде, кәсіби аудармашы ақпаратты және оның аудармасындағы бастапқы мәтіннің экспрессивті құралдарының арақатынасына назар аударып, түпнұсқа мәтінінің мағынасын лайықты деңгейде жеткізе білуі керек.

БАҚ-тың кез-келген мәтінін барабар аудару басқа тілдің көмегімен мәтіннің нақты және таза ақпараттық мазмұнын ғана емес, сонымен қатар оның коммуникативті функционалды бағытын да дұрыс беруді білдіреді. Медиа мәтіндерінің аудармасының коммуникативті-функционалды эквиваленттілігінің маңызы оның семантикалық баламасынан кем емес. Жиынтығы оны басқа функционалды стильдердің тілінен ерекшелейтін БАҚ-тың нақты тілдік және стильдік ерекшеліктерінің ішінде пайдаланылған құралдарды стандарттаудың келесі әдістерін атауға болады: клише өрнектердің үлкен пайызы, әртүрлі журналистік маркалар, лексикаланған метафоралар, стандартты терминдер мен атаулар және т.б. (бұл ерекшелік ең алдымен жаңалықтар материалдарына тән және олардың авторларының абсолютті объективтілік пен бейтараптық туралы әсер қалдыруға деген ұмтылысын көрсетеді).

Kazinform.kz сайтының жаңалығынан үзіндіні қарастырамыз:

Түпнұсқа: Ашылу рәсімінде әртіс Марат Мақсұтов Абайдың әндерін шырқап, кездесу қонақтарын өз өнерімен *риза қылды*.

Ағылшын аудармасы:

During the opening ceremony, honored singer (artist) Marat Maksutov performed by singing songs of the great poet Abai and *made the guests cry*.

Түпнұсқада оқырман қонақтардың қойылымды ұнатқанын және әншіге жай ғана алғыс білдіргенін түсінеміз. Ал аударма тілінде “риза қылды” сөз тіркесі “to make cry” идиомасымен аударылған. Түпнұсқаға қарағанда ағылшын тіліндегі сөз тіркесінің мағынасы әннің қонақтардың жанына қатты әсер еткендігін білдіреді, яғни әннің оларға тигізген әсері

артады.Қазақ тілінен ағылшын тіліне аудару барысында аудармашының субъективті бағалауы байқалады.

БАҚ мәтіндері реалияға толы. Ең көп таралған түрлері этнографиялық және қоғамдық-саяси.Аударма барысында түпнұсқа мәтіндегі реалияның аударма тілінде эквиваленті болмағандықтан, оны сақтау немесе ауыстыру әрдайым мүмкін емес. Бірақ реципиентке барынша бейімделу жолында реалиядан толық бас тарту аударманың түпнұсқа мәтінімен салыстырғанда көркемдік құндылығын айтарлықтай төмендетеді.Осыған қатысты веб-порталдан алынған келесі мысалды қарастырмыз:

Түпнұсқа: Данияр Ақышев жастарды Ұлттық банкке «көкесіз» жұмысқа орналасуға шақырды.

Ағылшын аудармасы:

Kazakh National Bank offers jobs to young talented specialists – Akishev.

Берілген мысалда аудармашы түпнұсқа тіліндегі “көкесіз” деген реалияны аудармай, түсіріп тастау әдісін қолданған. Реалия - басқа тілде сөйлейтін адамдардың іс-тәжірибесінде жоқ заттарды, ұғымдарды, жағдайларды білдіретін сөздер немесе айтылыстар болып табылады. Қазақтілді оқырмандар үшін мәдениетіне,өмір сүру салтына қатысты бұл сөз белгілі бір мағынаға ие. Түпнұсқа мәнмәтініндегі “көке” сөзімен жұмысқа орналастыратын немесе проблемалық сәттерде түрлі байланыстарының арқасында көмектесетін белгілі бір туысқанды,таныс адамды айтамыз. Бұл Қазақстанда жиі кездесетін құбылыс болғандықтан, қазақ оқырманына сөйлемнің негізгі мағынасы бірден түсінікті. Ал ағылшын оқырманына бұл сөз туысқан деген мағынадан басқа ешнәрсені білдірмеуі мүмкін. Сондықтан, аудармашы реалияны түсіріп тастау әдісі арқылы түпнұсқа сөйлемінің негізгі мағынасын аударма тіліне жеткізбеді деп пайымдай аламыз.

Келесі “Kazinform.kz” веб-порталынан үзінді:

Түпнұсқа: Меморандум біз 1 жыл бойы атқарған *қыруар* жұмыстың қорытындысы. Ағылшын аудармасы:

The signing of the memorandum was the result of months of *hard* work.

Берілген мысалда,екі сөйлемді салыстыра отырып бірден көзге түсетін жайттар бар. Түпнұсқада нақты жұмыс уақыты “1 жыл” деп көрсетілген,алайда, аударма тіліне ол жай ғана “months” деп аударылған, яғни белгісіз уақыт.Сонымен қатар, қазақ тіліндегі “қыруар” сөзіне ағылшын тілінде “hard” деген баламасы қолданылған.Қазақ оқырманы үшін “қыруар” сөзі сансыз көп, мол дегенді білдірсе, ағылшын оқырманы үшін “hard” сөзі қиын,ауыр деген мағынаны білдіреді.Яғни аударма стратегиясы орынды қолданылмаған және түпнұсқадағы сөйлемнің мағынасы аударма тіліне толыққанды берілмеген. Түпнұсқадағы негізгі ойды сақтап, аударманы келесі жолмен жүзеге асыруды ұсынар едік: The signing of memorandum is the result of lots of work that we have done over the past year. Көрсетілген нұсқада аударманы барабар және түпнұсқа мәнмәтініне сәйкес деп санай аламыз.

Бір жаңалықты әр түрлі тілдер мен мәдениеттердің оқырмандарына жеткізудің әсерін және ақпаратты дұрыс жеткізу мақсатында жасалған, бірақ мағынасы жағынан қате тұжырымдама түрлі түсінбеушілікке әкеледі. Әрине, барлық жағдайда қолайлы дайын рецепттер мен әмбебап техникалар жоқ.[3] Егер аудармашы түрлі мәселелерге,қиындықтарға алдын-ала дайын болса, аударылған мәтіннің мазмұнын, коммуникативті қызметі мен стилистикалық әсерін, метафора мен аллюзияны, иронияны және т.б ерекшеліктерді білсе,ондай жағдайда аударма сәтті орындалып, тиісінше барабар болады. Аудармашының қажетті кәсіби шеберлік дәрежесі мен тиісті жұмыс тілдері болуы да маңызды.

БАҚ тілінің көмегімен біздің еліміздің ғана емес, сондай-ақ әлемде болып жатқан оқиғаларды дұрыс жариялау қазақ тілді оқырманға, шетелдік оқырманға және олардың ақпаратты қабылдауына тікелей әсер етеді.Медиа мәтінінің өзінің белгілі бір ерекше стилі

негізінен жаңалықтар материалдарына тән және авторлардың толық объективтілік әсерін жасауға деген ұмтылысы арқылы байқалады. Және оқырманды тарту, берілетін ақпаратқа деген көзқарасты білдіру, бағалау екпіні және т. б. экспрессивтілік тән. Аудармашының медиа мәтінді аударудағы жұмысын қорытындылай келе, біз мәтіннің мәнін анықтап маңызды және басты талап екенін түсінеміз. Бастапқы мәтінді,оның әр элементінің мағынасын, жеке сөздер деңгейінен сөйлемдер мен фразалық бірліктері арқылы бүкіл мәтін деңгейіне дейін мәнмәтінді ұғынған аудармашы жұмысын тиісті, сәтті жүзеге асыра алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сюздюков Н.К. Интернет-СМИ и особенности их функционирования. <https://cyberleninka.ru/article/n/internet-smi-i-osobennosti-ih-funktsionirovaniya/viewer>
2. Федоров А. В. «Основы общей теории перевода», М. 1968. Специфика языка СМИ и перевода информационного материала. [Электрондық ресурс]. <https://study-english.info/media-language-translation.php>